

"Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін және Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 бұйрығына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 29 мамырдағы № 67 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20766 болып тіркелді.

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін және Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 6 мамырдағы № 156 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8469 болып тіркеліп, 2013 жылғы 2 қазанда Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдерін "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын және Жылжымайтын мүліктің бастапқы және кейінгі объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы".

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке

сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық тексеріп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары."

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық тексеріп-қарау жүргізу қағидалары мен мерзімдері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқарушы*

Н. Пан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрілігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін
атқарушысының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 67 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет Министрінің
2013 жылғы 6 мамырдағы
№ 156 бұйрығымен
бекітілген

Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, " Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру"

мемлекеттік қызмет көрсету қағидасына мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу қағидалары мен мерзімдері

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" (бұдан әрі - Заң) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу және мемлекеттік қызметтер көрсету туралы қорытынды беру, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтерден алшақтықты белгілеу туралы қорытындыны беру" және "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру", құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке үйлердің, ғимараттардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жылжымайтын мүлік (жылжымайтын мүлік) - жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар және жермен тығыз байланысты өзге де мүлік, яғни олардың мақсатына шамадан тыс зиян келтірмей орнын ауыстыру мүмкін емес объектілер;

2) далалық жұмыстар - жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне маманмен абрис жасай отырып, жылжымайтын мүлік объектісін өлшеу бойынша жұмыстар.

3) камералдық жұмыстар - жылжымайтын мүлік объектісінің барлық ауданы мен көлемін есептеу, жер учаскесін және қабаттық жоспарды сызу, техникалық паспорт нысандарын толтыру, түгендеу ісін қалыптастыру, ақпараттық жүйелерге деректерді енгізу бойынша жұмыстар;

4) абрис - жер учаскесінің, күрделі құрылыстың (ғимараттың, имараттың), оқшауланған үй-жайдың, аяқталмаған консервацияланған күрделі құрылыстың (ғимараттың, имараттың) схемалық жоспары, тұрақ орны-жылжымайтын мүлік объектісінің және оның құрылымдық элементтерінің контурлары, өлшеу нәтижелері, жылжымайтын мүлік объектісінің нақты жоспарын жасау үшін қажетті атаулар мен басқа да мәліметтер көрсетілетін орын;

5) техникалық сипаттамалар - құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті мемлекеттік техникалық тексеру немесе қайта жаңарту, қайта жоспарлау, қайта жабдықтау нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектісінің құрылымдық элементтерінің сипаттамасы;

6) кадастрлық нөмір - жеке, Қазақстан Республикасының аумағында қайталанбайтын, жылжымайтын мүлік объектісінің нөмірі;

7) тұрғын бөлме - адамдардың тұруына арналған, жылыту құралдары болған жағдайда, тікелей күндізгі жарық беретін алаң;

8) тұрғын емес жай – тұрғын жайлардан өзге мақсаттарда, тұрақты мекендеуден басқа мақсатта қолданылатын жеке жай;

9) тұрақ орны - ғимараттың ішкі кеңістігінде орналасқан автокөлікті уақытша және тұрақты сақтауға арналған орын.

3. Құқық белгілейтін құжатта қамтылған жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің нақты деректерімен алшақтығын анықтау мақсатында құқық иеленуші осындай алшақтықтарды анықтауға өтініш беруге құқылы.

Алшақтықтарды анықтау жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындысы бойынша жүргізіледі.

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" және "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметтерін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2-бөлім. "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1 – қосымшаға сәйкес "ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) оларды құрайтын жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды" мемлекеттік қызмет стандартында (бұдан әрі - № 1 Стандарт) келтірілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 8-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті берушіге өтініш береді: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсыну кезінде:

көрсетілетін қызметті берушіге - көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;

портал арқылы-көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алу орны мен күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы №1 Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және портал арқылы келіп түскен өтінімдерді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөліміне орындауға жолдайды.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімі мұрағатының қызметкері, түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімінің қызметкері келесі әрекеттерді жасайды:

ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін дерекқорға енгізу бойынша:

ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерді

құқықтық кадастрға енгізеді, кейін объектіні пайдалануға қабылдау актісіне белгі қояды;

жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны дайындау бойынша әзірленген техникалық паспортты және қорытындыны басшылыққа келісуге және қол қоюға жібереді.

Техникалық паспортты беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру тәртібі мен процесі 3-тараумен регламенттелген.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімінің басшысы немесе орынбасары мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды.

Мемлекеттік қызметті көрсетудің қол қойылған нәтижесі тіркеледі және тізілім бойынша көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау және беру бөліміне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжатты көрсетілетін қызметті алушыға беру көрсетілетін қызметті алушының немесе оның өкілінің жеке куәлігін көрсеткен кезде жүзеге асырылады:

өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға үшін;

жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алуға өтініш білдірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші олардың сақталуын қамтамасыз етеді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) немесе порталға жүгінген кезде құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап:

1) құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңа құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу - бір жұмыс күні;

2) жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру:

пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер үшінші жұмыс күніне беріледі;

жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бесінші жұмыс күніне беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері жетінші жұмыс күні беріледі;

жалпы алаңы 1000 шаршы метрден асатын объектілер көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап оныншы жұмыс күні ішінде беріледі;

бірінші күрделілік санатына жататын осы тармақшаның екі және үш абзацтарында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілері бесінші жұмыс күні беріледі.

Жылжымайтын мүлік объектісінің бірінші күрделілік санатына Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 57 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9173 болып тіркелген) жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес төрт үй-жайдан аспайтын тік бұрышты нысандағы құрылыстар жатады.

Мерзімді одан әрі ұзарту көрсетілетін қызметті алушымен келісім бойынша объектінің күрделілік санатына байланысты жүргізіледі, бұл ретте жалпы мерзім көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап екі айдан аспайды.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) Қызмет көрсетушіге:

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу туралы белгісі бар жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау акті;

жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспорты және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды;

№ 1 Стандарттың 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу орны мен күні көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі;

электрондық техникалық паспорт және пәтерлерге, жатақханалардағы бөлмеге, жеке гараждарға және саяжай құрылыстарына жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды.

Жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын

белгілеу туралы қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Бұл ретте Жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын бергені үшін қосымша төлемді растайтын құжатты және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны ұсынған кезде береді, ал заңды тұлғалармен қызметтерді көрсетуге шарттың бекітілуі жағдайында оларға қосымша қол қойылған орындалған жұмыстар акті ұсынылады.

3-бөлім. Мемлекеттік техникалық тексеру жүргізу тәртібі

7. Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру барысында Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті ғимараттардың, құрылыстардың және олардың құрамдастарының техникалық, сәйкестендіру сипаттамалары айқындалады.

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері Жылжымайтын мүлік объектісін техникалық тексеру үшін шығуды жүзеге асырады;

2) маман берілген өтініш шеңберінде жаңадан салынған және жапсарлас салынған құрылыстар мен ғимараттарды қайта жаңарту, қайта жабдықтау, қайта жоспарлау фактілерін анықтау мақсатында жылжымайтын мүлік объектісін тексеріп, өлшеу жүргізеді;

3) жер учаскесінің сыртқы шекараларының анықталған өзгеруі немесе құрылыстар мен ғимараттарды тұрғызуға немесе бұзуға, не объектіні жүргізілген қайта жаңартуға, қайта жабдықтауға, қайта жоспарлауға байланысты өзгертуге байланысты жер учаскесінің ішкі жағдайларының өзгеруі ескеріле отырып, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Абрис жасайды;

Бұрын жасалған абрис сақталады, оған түзетулер енгізуге жол берілмейді. Абрис, онда бейнеленетін құрылыстар мен құрылыстар өзінің кескіні бойынша шындыққа жақын және салыстырмалы масштабта орналасуы үшін электронды түрде немесе қарапайым қарындашпен жасалады;

4) жер учаскесінің қолданыстағы жоспарына жапсарлас салынған құрылыстар мен құрылыстарды, сондай-ақ қайта жаңартылған, жаңадан салынған объектілерді олардың

конфигурациясы өзгерген жағдайда енгізеді және анықталған өзгерістерді ескере отырып, экспликацияны толтырады;

5) өзгерістерді ескере отырып, әр қабаттық жоспарды сызады және оған экспликация толтырады;

6) Мемлекеттік қызмет құнын есептеуді жүргізеді;

7) "Техникалық паспорт нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 235 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4937 тіркелген) сәйкес нысан бойынша техникалық паспортты дайындайды және оларды қолданыстағы түгендеу ісіне қалыптастырады;

8) дайындалған техникалық паспорт басшымен келісіледі және қол қойылады.

9) алдыңғы техникалық тексеру барысында дайындалған техникалық паспорттарға, оның ішінде меншік иесінің немесе оның уәкілетті өкілінің данасына маманның күні, тегі және қолы көрсетіле отырып, "ӨТЕЛДІ" деген белгі қойылады;

10) барлық жаңа және өтелген материалдар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бірыңғай түгендеу ісіне қалыптастырылады, өтелген материалдар жойылмайды, ал хронологиялық тәртіппен түгендеу ісіне тігіледі.

Алшақтықтарды анықтау жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру негізінде жүзеге асырылады. Анықталған алшақтықтар туралы мәліметтер құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізіледі және осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер фактілерін көрсете отырып, техникалық паспортты қоса бере отырып, қорытынды дайындалады.

Техникалық паспортта жылжымайтын мүліктің негізгі объектісінің техникалық сипаттамалары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік (шаруашылық) құрылыстар мен ғимараттардың техникалық сипаттамалары толтырылады.

Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иесі ауысқан кезде техникалық паспорт заңды күшін сақтайды, өйткені бастапқы немесе кейінгі объектінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат болып табылады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімі бойынша болып жатқан жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген кезде, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің атауы, сондай-ақ ғимараттардың, өзге де құрылыстардың (мекенжайлардың) реттік нөмірі немесе кадастрлық нөмірлер өзгерген кезде Мемлекеттік корпорация 1 жұмыс күні ішінде орнына бармай, өтеусіз негізде техникалық паспортқа түзетулер енгізеді.

Құқық белгілейтін құжатта қамтылған жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің нақты деректерімен алшақтығын анықтау мақсатында құқық иеленуші көрсетілетін қызметті берушіге осындай алшақтықтарды анықтау үшін өтініш беруге құқылы.

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық тексеру барысында көрсетілетін қызметті беруші құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті ғимараттардың, құрылыстардың және олардың құрамдастарының техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын айқындайды.

4-бөлім. "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі:

8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2–қосымшаға сәйкес "Жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет стандартында (бұдан әрі - №2 Стандарт) келтірілген.

9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы, көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша және "электрондық үкіметтің": www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға көрсетілетін қызметті алушының № 2 Стандарттың 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасымен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінуі негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және портал арқылы келіп түскен өтінімдерді қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөліміне орындауға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы №2 Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімі мұрағатының қызметкері, түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы телнұсқа беруден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, техникалық паспорттың түгендеу ісінен көшірмесін шығарады, "Телнұсқа" мөртабанын қояды және оны толтырады, одан кейін басшылыққа келісу және қол қою үшін жібереді.

Басшы немесе оның орынбасары құжатты тексеруді жүзеге асырады, ескертулер болмаған жағдайда келіседі және қол қояды, ескертулер болған жағдайда Орындаушыға пысықтауға жібереді.

Орындаушыға пысықтауға келіп түскен кезде Орындаушы басшылықтың ескертулеріне сәйкес тиісті түзетулер енгізеді, одан кейін келісу және қол қою үшін басшылыққа қайта жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін тізілім бойынша жіберілетін жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспортының телнұсқасын беру немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту телнұсқаны беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі болып табылады.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер, жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бірінші жұмыс күні;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері екінші жұмыс күні беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын жылжымайтын мүлік объектілері үшінші жұмыс күні беріледі.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

1) Қызмет көрсетушіге:

жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының телнұсқасы;

2) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне алу орны мен күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы хабарлама жіберіледі;

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері № 2 Стандарттың 9-тармағында көзделген.

5-бөлім. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

13. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану

Шағым қызмет көрсетушінің интернет-ресурсында орналасқан мекенжай - www.gov.kz бойынша қызмет көрсетуші басшысының атына беріледі.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда, портал арқылы не кеңсе арқылы қолма-қол, жұмыс күндері не "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының блогына қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны кеңседе тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол, сондай-ақ пошта арқылы келіп түскен шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және

тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберіледі.

Шағым тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы, портал арқылы жіберіледі не кеңседе қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға "Жеке кабинетінен" өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, ол өтінішті өңдеу барысында жаңартылып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Құқықтық кадастрдың
ақпараттық жүйесіне жаңадан
құрылған жылжымайтын
мүлікке ғимараттардың,
құрылыстардың және (немесе)
олардың құрамдастарының
сәйкестендіру және техникалық
мәліметтерін енгізу, мемлекеттік
техникалық тексеру жүргізу
қағидалары мен мерзімдеріне
№ 1 қосымша және
"Жылжымайтын мүліктің
техникалық паспортының
телнұсқасын беру" мемлекеттік
қызмет көрсету Қағидасы.

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.
---	---------------------------------------	---

2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы; 2) "электронды үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz .
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) және порталға: Құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңа құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу" - бір жұмыс күні. Жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты жылжымайтын мүліктің техникалық паспортын қоса бере отырып, жүргізілген техникалық тексеру қорытындысы бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу туралы қ о р ы т ы н д ы б е р у : пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер үшінші жұмыс күніне беріледі; жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бесінші жұмыс күніне б е р і л е д і ; жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері жетінші жұмыс күні беріледі; жалпы алаңы 1000 шаршы метрден асатын объектілер көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап оныншы жұмыс күні беріледі; бірінші күрделілік санатына жататын осы тармақшаның екі және үш абзацтарында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілері бесінші жұмыс күні беріледі. Мерзімді одан әрі ұзарту көрсетілетін қызметті алушымен келісім бойынша объектінің күрделілік санатына байланысты жүргізіледі, бұл ретте жалпы мерзім көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап екі айдан аспауға тиіс.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Ж ү г і н у к е з і н д е : 1) Қ ы з м е т к ө р с е т у ш і г е : құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу туралы белгісі бар жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау акті; Техникалық паспортты қоса бере отырып, жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды немесе № 1 Стандарттың 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді ж а у а п . 2) п о р т а л ғ а : көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне алу орны мен күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесінің дайындығы туралы х а б а р л а м а ж і б е р і л е д і ; пәтерге, жатақханалардағы бөлмеге, жеке гараждарға және саяжай құрылыстарына электрондық техникалық паспорт. Жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді. Бұл ретте жылжымайтын мүліктің техникалық паспортын қоса бере отырып, жүргізілген техникалық тексеру қорытындылары бойынша жаңадан құрылған

		жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің алшақтығын белгілеу туралы қорытынды) көрсетілетін қызметті беруші жылжымайтын мүліктің техникалық паспортын қоса бере отырып, қорытынды бергені үшін қосымша төлемді растайтын құжатты береді, ал заңды тұлғалармен қызмет көрсету шартын жасасу кезінде оларға қол қойған орындалған жұмыстар акті қосымша ұсынылады.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет үшін төлем Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 87 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13353 болып тіркелген) бекітілген салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық тексеру бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес айқындалады. Төлем сондай-ақ портал арқылы "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүргізіледі.
7	Жұмыс кестесі	1) қызмет көрсетушіге: құжаттарды қабылдау және беру – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, мемлекеттік корпорацияның белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық кезекті броньдауға болады; 2) портала – сссс жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, жексенбі және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		өкілеттігін растайтын құжат бойынша заңды тұлға үшін; жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша: жүгінуде; 1) қызмет көрсетушіге: құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу бойынша: осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш; көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі; жылжымайтын мүлік объектісін жаңадан тұрғызылған жылжымайтын мүлік объектісіне пайдалануға қабылдау актісі және (немесе) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты; тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасына сәйкес төлемді растайтын құжат.

жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтерден алшақтықтарды белгілеу туралы қорытындыны беру бойынша: осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны алуға өтініш; көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады), сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;

бар болған жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты қоса берілген жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжат; ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, техникалық паспортты беру үшін төлемді растайтын құжат екі кезеңде ұсынылады: мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш берген кезде ақы төлеу тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру жөніндегі қызметтердің базалық құны түрінде жүргізіледі; Мемлекеттік қызметтің нәтижесін алған кезде тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бағасына сәйкес жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық тексеру бойынша орындалған жұмыс үшін толық ақы (қосымша ақы) жүргізіледі;

Пәтерді, жатақханалардағы бөлмелерді және жапсарлас үй-жайларды техникалық тексеруге өтініш білдірген жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылмады.

2) порталға:

құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу бойынша:

ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, ЭЦҚ-мен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

жылжымайтын мүлік объектісін пайдалануға қабылдау актісінің және (немесе) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының электрондық көшірмесі; ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, төлемді растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтерден алшақтықтарды белгілеу туралы қорытындыны беру бойынша: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, ЭЦҚ-мен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

бар болған жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының электрондық көшірмесі қоса берілген жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі;

ЭҮТШ арқылы жүргізілген төлемді қоспағанда, техникалық паспортты беру

